

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

Аринова Бакыт Айтуовнаның 8D01721 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған

Закирова Асель Сейдуллаевнаның «Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбының диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

Р/Н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p><u>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №2 бұйрығына, «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысына және «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Заңына және т.б мемлекеттік бағдарламалардағы ғылымды дамытудың негізгі бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық еңбек Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының 8D01721 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының басым бағытына сәйкес жазылған .</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі улесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Қазақ аңыздары рухани құндылықтың мәні жоғары, дүниетанымдық аясы кең, тарихи шындықты көркемдік құралдар арқылы жеткізетін фольклорлық жанрлардың бірі ретінде ғылыми-теориялық түрғыда негізделіп, аңыз әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектілер бірлігінде оқытудың әдістемелік жүйеленуі

			жұмыстың ғылым үшін маңыздылығын және ғылымға қосқан елеулі үлесін ашады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) томен; 4) өзі жазбаған	Закирова Асель Сейдулаевнаның зерттеу еңбегі өзі жазу принципіне сәйкес жоғары деңгейде орындалған. Докторант зерттеу барысында қазақ азыздары бойынша ғылыми-теориялық әдебиеттерді жан-жақты талдап, озіндік тұжырым жасай алған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі казақ халқының жадында ғасырлар бойы сақталып, көркемдік сипат алған оқиғалардың тарихи-тәнімдүйк, рухани-мәдени құндылықтық, тәрбиелік-тағылымдық маңызын лингвомәдени және когнитивті аспектілер түрғысынан оқытудың әдебиет пен тілдің интеграциялық бірлігінде зерттелуімен айқындалады. Аңыз әңгімелер халық ауыз әдебиетінің басқа үлгілерімен салыстырғанда біршама аз зерттелген фольклорлық жанрға жатады, әдебиеттану ғылымы және қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде де аңыз әңгімелер тек оку бағдарламаларындағы тақырыптық мазмұнға кіркітілгенімен, жеке жанр ретінде әлі де оқытыла қойған жоқ. Тақырып өте құрделі және екі пәннің сабактастығында зерттелгендейтін аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктерді оқытудың ұсынылып отырған әдістемелік жүйесінің болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандарының аңыз әңгімелер тілінің лингвомәдени және когнитивтік ерекшеліктерін менгеруіне, тәнімдүйк іс-әрекеттерінің дамуына ықпал етеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды: 1) айқындауды; 2) ішінара айқындауды; 3) айқындауды.	Жұмыстың құрылымдық мазмұндағы философиялық тұғырлар мен психологиялық-педагогикалық ұстанымдардың теориялық ұштасуы диссертацияның тақырыбын айқындаудай алады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеу жұмысының алдына қойған мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбына толығымен сәйкес келетіндігін зерттеу

	<p>1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігінен байқауға болады.</p> <p>Диссертацияның бөлімдері, ережелері логикалық байланысқан. Кіріспеде зерттеудің пәні, нысаны, ғылыми жақалығы, болжамы, өзектілігі дәйектеледі. «Қазақ азыз-әңгімелерінің ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде қазақ азыз-әңгімелерінің жанрлық ерекшеліктеріне, зерттелу тарихына байланысты ғалымдардың ой-пікірлері сараланып, диссидентант оларды өзіндік тұжырымдарымен пайымдайды. «Азыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» атты екінші тарауда қазақ азыз-әңгімелеріндегі лингвомәдени бірліктердің білім беру үдерісіндегі маңызы анықталады. «Азыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқытудың инновациялық әдістері» атты үшінші бөлімде эксперименттік жұмыстың кезендері, алынған нәтижелердің қорытындылары ғылыми тұрғыда жүйеленіп, жұмыстың барлық бөлімдері бір-бірімен қабысып жатады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сынни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қолданылған инновациялық әдіс-тәсілдер, интерактивті оқыту технологиялары оқытудың жалпыидидактикалық қағидаларымен үндестік тауып, автор ұсынған жаңа шешімдердің дәлелденіп, салыстырыла сынни талдануы жоғары білім беруде азыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілерін менгертудің әдістемелік жүйесін қалыптастыруға септеседі.</p>
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Закирова Асель Сейдуллаевнаның диссертациялық зерттеуінің ғылыми нәтижелері толығымен жаңа болып саналады. Қазақ азыз-әңгімелерінің жанрлық ерекшеліктері, когнитивтік танымдық және тәрбиелік мәнінің, азыздар тілін оқытудың ғылыми-</p>

		<p>теориялық және әдістемелік негіздерінің талданып айқындалуы бірінші ғылыми нәтиженің жанашылдығын білдіреді.</p> <p>Аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктердің ерекшеліктерін оқытудың ғылыми-теориялық түрғыда дәйектелуі студенттердің аңыз әңгімелердің жанрлық табиғатын танып, құндылықтың маңызын түсінудеріне, аңыздар тілін меңгеруге қажетті оқу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін ғылыми-әдістемелік жүйенің жасалуымен сипатталатындықтан екінші ғылыми нәтиже толықтай жаңа болып табылады.</p> <p>Зерттеу барысында аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктердің атқаратын қызметінің айқындалып, оқытудың тиімді әдістерінің жүйеленуі үшінші ғылыми нәтиженің толықтығын дәлелдейді.</p> <p>Төртінші нәтиженің ғылыми жаңашылдығы диссертанттың интербелсенді оқыту әдістерін, түрлі оку стратегияларын қолдана отырып, дәріс және семинар сабактарының үлгілік жоспарын көрсетуімен және зерттеудің ғылыми нәтижелерін «Халық ауыз әдебиеті» және «Қазақ тілін оқыту «әдістемесі» таңдау курстарының Білім беру бағдарламаларына ендіруімен, аңыз-әңгімелер тілін оқытудың когнитивтік моделінің жасалуымен дәлелденеді.</p>
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Зерттеуде аңыздар тілін оқытудың әдебиеттанушылық және лингвомәдени аспектіде ғылыми-теориялық талданып, алынған нәтижелердің дидактикалық талаптарға сай әдістемелік-практикалық бағытта тәжірибеде тексеріліп, әрбір нәтиже бойынша қорытынды жасалуы еңбектің толығымен жаңа екендігін танытады.</p>
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа	<p>Диссертациялық жұмыста қолданылған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері</p>

		<p>және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінara жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>ғылыми-әдіснамалық, әдістемелік тұрғыда зерделенген. Зерттеуші ұсынған ақыз-әңгімелер тілін оқытудың когнитивтік моделі, оку-әдістемелік кешен, дайындалған әдістемені ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері ғылыми жарияланымдармен негізделгендейтін толығымен жаңа .</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі корытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары мен зерттеу барысында жүргізілген теориялық-әдістемелік талдаулар гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттарына сәйкес келетін ғылыми ауқымды дәлелдемелермен түйінделіп, негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұраптарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 	<p>Диссертацияның қорғауға шығарылған негізгі ережелері дәлелденген және төмендегідей жаңашылдығымен сипатталады:</p> <p>7.1 Бірінші ереже қазақ ақыздарының тілін линвомәдени бірліктер арқылы оқыту білім алушылардың ұлттық мұраны бағалауға, қолданыстан алыстал бара жатқан тілдік құралдарды жаңғыртуға, халық мәдениетінің тілге әсер етуін, олардың диалектикалық байланысын, дамуын түсінуге септігін тигізетіндігімен дәлелденген. Ақыздарды фольклорлық жанр ретінде зерттеген С.А.Қасқабасов , Н.Қ.Жұсіпов, К.Ісләмжанұлы , А.Ш.Пангерев А.С.Сейдімбек, А.Б.Абдуллина және т.б ғалымдардың еңбектеріндегі ой-пікірлерді синтездеп, докторант тарихи оқиғаларды сипаттайтын тарихи ақыздар, географиялық жер-су атауларының шығу тегін түсіндіретін топонимдік ақыздар, сүйіспеншілік сезімін бейнелейтін махабbat ақыздары және ерлік пен батырлықты арқау еткен батырлар туралы ақыздар деп топтастыру арқылы ереженің дәлелдігін танытатын пәрменді талдаулар жасай алған.</p>

	<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.2. Тривиалды емес, өйткені аныздардың тілін оқыту қазақ әдебиеті мен тіл білімінің тогызысында фольклорлық мәтіндердің тілдік құрылымы, көркемдік тәсілдері, этнолингвистикалық ерекшеліктерін танытумен жаңа болып табылады. Мұны диссертанттың фольклор тілі мәселелерін әдеби тіл тарихы, этнолингвистика, лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеген Р.С.Сыздықова, Е.Қ.Жұбанов, Ж.А.Манкеева, Н.М.Уәли, Э.Н.Оразалиева және т.б. ғалымдардың пайымдарын интерпретациялап түсіндіре алуынан көреміз.</p> <p>7.3 Жаңа, себебі зерттеу нәтижелері студенттердің метабілімділігін, сынни ойлауын, креативті шығармашылығын дамытатын әдістемелік ұстанымдармен байытылған.</p> <p>7.4 Қорғауға шығарылған қағидаттардың қолданылу деңгейі кең .</p> <p>7.5 Диссертациялық зерттеудің нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми конференциялар мен басылымдарда жарияланған мақалаларда дәлелденген. Диссертациялық жұмыс бойынша 1 мақала – Web of Science Core Collection немесе Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда, 3 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда, 5 – шетелде өткен халықаралық конференция материалдарында, 1 – Қазақстан Республикасында өткен халықаралық ғылыми конференция материалында, 1 – әдістемелік құрал (авторлық бағдарлама) барлығы 11 ғылыми енбектің жариялануы диссертацияның негізгі қағидасының, алғынған нәтижелерінің, тұжырымдары мен қорытындыларының ғылыми тұрғыда дәлелденгендігін айғақтайды.</p> <p>7.1 Екінші қағидаттың жаңашылдығы</p>
--	--	---

			<p>аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктерді оқытудың ұсынылып отырған әдістемелік жүйесінің тілдің ұлттық ерекшеліктерін менгертуге мүмкіндік беретіндігімен тұжырымдалады.</p> <p>7.2. Тривиалды емес, жаңа .</p> <p>7.3 Қорғауға шығарылған ереже жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану аясы кең.</p> <p>7.5 Зерттеудің нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми конференциялар мен басылымдарда мақалаларда жарияланған.</p> <p>7.1 Үшінші ереженің жаңа екендігіне аңыз-әңгімелердің мазмұндық өзегін құрайтын лингвомәдени бірліктерді оқытудың студенттердің жобалау, сынни ойлау, шығармашылықпен әрекет ету дағдыларын дамытуға бағытталған жалпыидидактикалық ұстанымдарға құрылуы дәлел бола алады.</p> <p>7.1 Төртінші ереженің дәлелденгендігін зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздерін құрайтын жүйелік, мәдениеттану, синергетикалық, тұлғалық-бағдарлық, этнопедагогикалық, іс-әрекеттік тұғырлардың басшылыққа алынуымен және аңыз әңгімелер тілін оқытудың тілдік тұлға қалыптастыруышылық қағидалармен үйлесімінен байқауга болады.</p> <p>7.2 Тривиалды емес, ейткені жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3 Ия. Төртінші жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік қағидалары. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу барысында ұсынылған дереккөздер мен ақпараттың дәйектілігі әдіснамалық талаптарға негізделіп, нақты жазылған. Ғылыми әдебиеттерге жасалған талдаулар, зерттеудің теориялық және практикалық мәнділігін айқындаپ, аңыз әңгімелер тілін оқытудың әдістемелік мүмкіндіктерін аша алған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік</p>	<p>1) Ия.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері қазіргі оку стратегияларына сәйкес</p>

	<p>технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынган:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>құрастырылған «Мәтінмен жұмыс», «Когнитивтік карта», «Лингвомәдени талдау», «Фреймдік құрылым», «Кубизм», «Таным шеңбері», «Ассоциативтік өріс», «Концептуалдық кесте», «QR код арқылы сөзжұмбак шешу» және т.б креативті , сынни ойлау шығармашылық тапсырмаларымен бекітіліп, тиімділігі деректерді өндеу әдістері арқылы тексеріліп, нәтижелері көрсетіледі.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>1) Ия. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары, анықталған өзара байланыстар, заңдылықтар тәжірибеде дәлелденіп, ақыздардың жанр ретіндегі орны теориялық қорытындылармен қатар «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Қазақ филологиясы» жұмыс оку бағдарламаларының мазмұндық-тақырыптық құрылымына «Халық ауыз әдебиеті» және «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» тандау пәндерінің әдеби білім мазмұнына кіріктірілген тақырыптардың ендірілуімен, азыз әңгімелер тілін когнитивті оқыту моделінің ұсынылуымен және авторлық бағдарлама жасалуымен расталған.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Зерттеу еңбегіндегі маңызды мәлімдемелер диссертация құрылымындағы нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі, жылы, баспасы, шыққан орны толық көрсетілген және жеткілікті . Жалпы саны- 170 библиографиялық ғылыми, оку, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, электронды және басқа да дереккөздерден тұрады.</p>

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы аныз әңгімелердің тарихи-тән完全不同ық, рухани-мәдени құндылық ретінде әдебиет пен тілдің интеграциялық бірлігінде зерттелуі, сонымен қатар азыздардағы лингвомәдени бірліктерді когнитивтік, функционалды-коммуникативтік теориялардың сабактастығында оқыту әдістемесінің алғаш рет жасалуымен айқындалады. Зерттеу жұмысында алынған ғылыми нәтижелері жоғары оку орындарында қазақ әдебиеті мен қазақ тілін оқытуда әдебиеттану, педагогика, лингвистика ілімдерінің сабактастығындағы интегративті зерттеулердің болашақ дамуына ғылыми-теориялық түрғыда үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді жоғары оку орындарында «Халық ауыз әдебиеті», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Этнолингвистика», «Лингвомәдениеттану», «Когнитивтік лингвистика», «Фольклортану мәселелері» сияқты элективті курсардың пәндік білім мазмұнын құрылымдан жүйелеуде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	1) Толығымен жаңа. А.Закированың аныз-әңгімелердегі тілдік бірліктердің қолданылуын түсіну, аныз-әңгімеге қатысты берілген сұраптарға дұрыс жауап беру, мәтін бойынша косымша сұрап қоя білу, аныз кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау, аныз мазмұннандағы негізгі ойға тұжырым жасау және т.б. Блум таксономиясына бағытталған продуктивті тапсырмаларды педагогикалық экспериментте тексеріп жасаған практикалық ұсыныстары жаңа деп танылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация қойылатын талаптарға сай жазылған, жазу және ресімдеу сапасы жоғары деңгейде орындалған еңбек деп саналады.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және әдістемелік түрғыда

*Шетелдік ғылыми баспааларда
жарияланған:*

5. Linguistic features of Kazakh legends and the importance of their teaching XV International scientific conference // Challenges and problems of modern science. – 2024. – P. 52-54. – ISBN 978-92-44514-04-7.–London, Great Britain. [tps://doi.org/10.5281/zenodo.11485534.](https://doi.org/10.5281/zenodo.11485534.),

6. The methodology of conducting a linguacultural analysis of the peculiarities of expressing the emotions of heroes in Kazakh and English legends in literature lessons The Norwegian Journal of Development of the International Science. – №126. 2024.– P. 59-65.– Oslo, Norway. <https://doi.org/10.5281/zenodo.10655368>

7. Linguacultural and cognitive structure of the concept of «mood» in Kazakh legends VII International Scientific and Practical Conference // Theoretical and practical perspectives of modern science. – 2024. – P. 70-73. – ISBN 978-91-65423-55-8. – Stockholm, Sweden.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.10680525>

8. The role of Kazakh legends in the linguistic picture of the world. Sciences of Europe. – №142 – 2024. – P. 28-30. – ISSN 3162-2364. – Praha, Czech Republic. DOI: 10.5281/zenodo.11535619

9. Development of cognitive competencies of students in teaching ethnocultural linguistic units in Kazakh legends based on the cognitive levels of Bloom's taxonomy. The Scientific Heritage. – №148 (148). – 2024. – P. 39-42. – ISSN 9215-0365. – Budapest, Hungary. DOI: 10.5281/zenodo.14063631

*Қазақстан Республикасындағы ғылыми
баспааларында жарияланған
еңбектерде:*

10. Алдаркесе мен Қожанасыр –
құлдіргі аңыз кейіпкерлері. Қорқыт Ата
атындағы Қызылорда университетінің
хабаршысы, – №1 (54) – 2020. – Б. 132-
138. – ISSN 1607-2782

*Оқулықтар/Оқу құралдары/Оқу-
әдістемелік құралдар/Практикумдар*

11. Қазақ аңыз-әңгімелер тілін
оқытудың лингвомәдени және
когнитивті аспектілері. (оқу-
әдістемелік қурал) TUTORUP» журнал

		<p>сапалы , дұрыс жазылғандығын және толық аяқталған еңбек екендігін айта келе мынадай ескертпе-ұсыныстарды атап көрсету қажет деп санаймын:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аңыз әңгімелерді жаңр ретінде оқытуда қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми еңбектерге неліктен сілтеме аз жасалған? 2. Аңыз әңгімелер тілін оқыту бойынша жалпы білім беретін мектептің «Қазақ әдебиеті» мен Қазақ тілі» оқулықтарында берілген аңыздардың көрсетілгені де үткімдірақ болар еді. Алайда, бұл ескертпелер диссертациялық еңбектің құрылымы мен мазмұнына, жаңашылдығына еш нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	<p>Закирова Асель Сейдуллаевнаның диссертациялық жұмысының ғылыми деңгейін зерттеу барысында жарық көрген төмендегідей мақалаларының жариялануымен санаттаң, дәйектеуге болады:</p> <p><i>Web of Science және Scopus ғылыми өлинеу деректер базасына кіретін еңбектер бойынша :</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Linguacultural and cognitive aspects of teaching the language of Kazakh legends Citizenship, Social and Economics Education». – 2023. –Vol. 22, Iss. 3.– P.137-151., Great Britain.DOI 10.1177/14788047231221109 <i>КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызыметтің нағызжелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдардағы :</i> 2. «Омбы жер-су атауларының тарихи-аңыздық сипаты» «Керуен» ғылыми журналы.№4(81).-2023. 3.«Аңыз-әңгімелердегі мақал-мәтелдердің қолданысы. Қазақстанның ғылыми мен өмірі. №12/1. 2020. 4.«Қазақ аңыз-әңгімелеріндегі «қонақ», «қонақ асы», «жол» концептісі. Қазақстанның ғылыми мен өмірі. – №12/2 (148). – 2020. – Б. 356-360.,

			баспаханасы. – Алматы. – 2024. – 123 6. – № 51781. ISBN 978-601-12-0703-4. еңбектерінде көрініс табуымен дәлелденеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Закирова Асель Сейдуллаевнаның «Қазақ азыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын толық аяқталған, дербес орындалған еңбек деп бағалап, докторантқа 8D01721 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
«Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының
доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты**



Аринова Б.А.

Шахарова М.А.

